



ҰЛТТЫҚ ұлан - ел айбыны

# БҰРКИТ

№ 2 (98)  
2024 жыл

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының журналы  
Журнал Национальной гвардии Республики Казахстан



**БҮЛ САНДА:**



6

**ОТКРЫТИЕ  
АВИАЦИОННОЙ БАЗЫ**



10

**МАҢЫЗДЫ ҚОС МЕРЕКЕ  
АТАЛЫП ӨТТІ**



16

**АВИАПАРК ВОЙСК  
ПОПОЛНИЛСЯ САМОЛЕТОМ**



18

**ӘСКЕРИ АВИАЦИЯНЫҢ БЕЛЕСТЕРІ**



22

**«ҰЛТТЫҚ ҰЛАН АРУЫ»  
БАЙҚАУЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ**



31

**СЕРІГІН ЕРТКЕН СТАРШИНА**

## 2 (98) 2024 жыл

Алғашқы нөмірі 2005 жылы жарық көрді.  
Журнал екі айда бір рет шығады.

“Ұлттық ұлан жаршысы” оқу-әдістемелік жинағы – журналдың қосымшасы болып табылады.

### МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы.

### Бас редактор:

Ерболат Сұлтанов

### Редакция алқасы:

Үмбетов Қ.Ж., Тоқышев Қ.Ж.,  
Крамар А.А., Сұлтанов Е.М.,  
Қожахметов Қ.Ә., Сиярбаев А.М.,  
Сейітов Д.Б., Нәлібаева М.Е.

### Көркемдік дизайн және беттеу:

Дәуренбеков Р.М.

### Фототілші:

Парпура М.А.,

Материалдарды көшіріп басқан кезде журналға сілтеме көрсетілуі тиіс.

Редакция жариялануға жолданған материалдарды қысқартуға, автор көзқарасын сақтай отырып, әдеби-көркем тұрғыдан өңдеуге құқылы. Қолжазбалар таратылмайды және қайтарылмайды. Фактілердің растығына және кейіпкерлердің аты-жөндерінің дұрыстығына, құпиялардың сақталуына – мақала авторы, баспа өнімінің сапасына – баспахана жауапты. Оқырмандармен байланыс тек журнал беттері арқылы жүргізіледі.

Басылымға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 23.01.2015 жылғы № 15076-Ж бұқаралық-ақпарат құралдары есебіне алу туралы куәлігі берілді.

Редакция мекен-жайы: 010000

Астана қ., Жангелдин к., 2

тел.: 8 (7172) 39-18-16, 72-40-30

«Көкше-Полиграфия» акционерлік қоғамы Ақмола облысы, Көкшетау қ. Е.Әуелбеков көшесі, 98

Теруге 20.04.2024 ж. берілді.

Баспаға 24.05.2024 ж. жіберілді.

Қағаз форматы – А4

Таралымы 1500 дана

Тапсырыс № 366

## Мазмұны

4

Президент мемлекеттік наградлар мен шен тапсырды  
**Akorda.kz**

6

Открытие авиационной базы  
**Пресс-служба  
Национальной гвардии МВД РК**

9

Президент Ішкі істер министріні  
**Akorda.kz**

10

Маңызды қос мереке аталып өтті  
**Мөлдір НӘЛІБАЕВА**

12

Мерекелік шара  
**Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ**

14

Цели намечены - задачи поставлены  
**Егор БОНК**

16

Авиапарк войск пополнился самолетом  
**Ерболат СУЛТАНОВ**

18

Әскери авиацияның белестері  
**Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ**

22

«Ұлттық ұлан аруы» байқауы мәресіне жетті  
**ҚР Ұлттық ұланының баспасөз  
қызметі**

24

Ұлттық ұлан «Аруы-2024» фотобайқауының қатысушылары  
**Рахат ДӘУРЕНБЕКОВ**

28

«Ел үшін қызмет еттім!»  
**Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ**

31

Серігін ерткен старшина  
**Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ**

33

Победили сильнейшие  
**Ерболат СУЛТАНОВ**

36

Қайрат Әділгерей: «Ұлттық ұлан – республикамыздың мақтанышы!»  
**Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ**

38

Ұлттық ұланда жаңа әскери әннің тұсауы кесілді  
**Қуаныш ҚОЖАХМЕТОВ**

# ПРЕЗИДЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР МЕН ШЕН ТАПСЫРДЫ



Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы күнімен және Жеңіс мерекесімен құттықтап, осы екі мейрам жауынгерлік дәстүрдің сабақтастығын паш ететінін, батыр бабаларымыздың даңқты жолын қазір өскелең ұрпақ жалғастырып келе жатқанын атап өтті.

– Бүгінде айбынды армиямыз – елдегі тұтастық пен тыныштықтың мықты қалқаны. Қуатты әскеріміз бейбітшілік пен берекелі өмірді қас қақпай күзетіп тұр. Олар қай кезде де қастерлі Отанымызды қорғауға дайын. Ерлік майданда ғана жасалмайды. Ерлікке бейбіт заманда да орын бар. Биыл біз соңғы 80 жылдағы ең жойқын тасқынға тап болдық. Елге қатер төнген сәтте сарбаздарымыз алдыңғы шептен табылды. Ұлттық ұлан, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Төтенше жағдайлар министрлігі

және Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы антқа адал болудың үлгісін көрсетті. Алапат тасқынға төтеп беру үшін 9 мыңнан астам әскери қызметші жұмыла еңбек етті. Мыңнан астам техника жеткізілді. Сын сағатта халқымыздың асыл құндылықтары анық байқалады. Осы орайда, Солтүстік Қазақстан облысында апатқа қарсы күрескен 300 сарбаздың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Олар күні-түні бөген салып, қаланы қарғын судан құтқаруға атсалысты. Жергілікті тұрғындар бұл сарбаздарға айрықша риза болды,

оларды зор құрметпен шығарып салды. Міне, халық пен армияның мызғымас тұтастығы дегеніміз – осы. Мұндай мысалдар аз емес, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жеңіс күнін жақындатуға атсалысқан майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне әрқашан құрмет көрсетілетінін айтты. Осы ретте ардагерлерге мерекеге орай жыл сайын қосымша төлемақы берілетінін, ал биыл оның көлемі үш миллион теңгеге дейін өскенін жеткізді. Сонымен қатар өзінің бастамасымен биылдан бастап «Айбын» орденінің үш дәрежесі даңқты батырларымыз – Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың атымен аталатынын еске салып, ұлт перзенттерінің ба-

тылдығы мен батырлығы бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге болатынына назар аударды.

Мемлекет басшысының айтуынша, геосаяси тұрақсыздық белең алған қазіргі жағдайда мықты әрі дайындығы сақадай сай әскердің маңызы айтарлықтай арта түсті.

– Біздің әскери қызметшілеріміз БҰҰ аясындағы түрлі бітімгерлік операцияларға қатысып, өздерінің кәсібилігі мен жоғары деңгейдегі жауынгерлік машығын көрсетіп келеді. Жуырда Қазақстан Голландия жоталарындағы миссиясын дербес орындау жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының мандатына алғаш рет ие болды. Соңғы жылдары әлем елдерінің әскери қуаты туралы рейтингтегі орнымыз едәуір жақсарды. Бұл әскеріміздің дайындығы жоғары екенін әрі үйлесімді әрекет ететінін білдіреді. Қазақстан жер-жаһанға өзін бейбіт ел ретінде танытты. Біз барлық мемлекетпен достық қатынас орнаттық. Кез келген шиеленісті сындарлы

диалог арқылы шешу керек деп есептейміз. Бірақ арқаны кеңге салып, қамсыз отыруға болмайды. Қуатты әскеріміз түрлі қатерге сақадай сай тұруға тиіс. Мықты әскер – елдіктің тірегі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның айбынды армиясы кәсіби тұрғыдан білікті әрі заманға сай озық болуы үшін Қарулы Күштерімізді одан әрі нығайту жұмыстары жалғастынын жеткізді.

– Күні кеше ғана елімізде жаңа авиация базасы ашылды. Бұл – ұлттық қорғаныс жүйесінің әлеуеті арта түсті деген сөз. Біз армияның беделін көтеруге айрықша мән береміз. Отан қорғау – баршамызға ортақ парыз. Мұны, әсіресе, өскелең ұрпақ терең түсінгені абзал. Мемлекет жас сарбаздарға жан-жақты қолдау көрсетіп жатыр. Оларға арнайы білім гранттары бөліне бастады. Несиені өтеу мерзімі кейінге шегерілді. Енді армияда жүріп, нақты мамандық алуға болады. «Ер жігітке жарасар, қолындағы найзасы» деп әйгілі Бұқар жырау батырлық

пен ерлікті ерекше дәріптеген. Шын мәнінде, әскер – мемлекеттің аса маңызды символы. Мен сарбаздарымыздың жауынгерлік рухы жоғары болғанын мақтан етемін, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев Отан қорғаушылардың еліміздегі ынтымақ пен тыныштықты сақтауға зор үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, офицерлерге әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсырды.

Бұдан бөлек, Президент әскери және қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

**Akorda.kz**



**Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

генерал-майор әскери шені Есжанов Аян Абдуғаниұлына, Қазкеев Бекайдар Маратұлына берілсін.

**Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда,  
2024 жылғы 6 мамыр  
№ 535





## ОТКРЫТИЕ АВИАЦИОННОЙ БАЗЫ

Президент Республики Казахстан – Верховный Главнокомандующий Вооруженными Силами Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев принял участие в церемонии открытия авиационной базы Национальной гвардии в Астане.

Глава государства поздравил участников мероприятия с наступающим Днем защитника Отечества. Он подчеркнул, что это знаменательный

праздник, пробуждающий патриотические чувства и повышающий боевой дух, а Вооруженные силы Казахстана – надежный щит интересов нашей суве-





ренной страны, незаменимая опора мира и стабильности.

– Открытие авиационной базы – важнейшее событие не только для Национальной гвардии, но и для всей нашей армии. Авиабазы позволят значительно повысить потенциал силовых структур и обеспечить возможности для оперативных вылетов авиации. Государство уделяет самое пристальное внимание оснащению Вооруженных сил и развитию военной инфраструктуры, – заявил Касым-Жомарт Токаев.

Президент отдельно отметил, что во время беспрецедентных паводков в нашей стране военнослужащие были на передовой, тем самым продемонстрировав яркий пример верности своей присяге.

– Особо хочу отметить профессионализм и высокий класс наших военных пилотов. Они смогли своевременно и без потерь доставить гуманитарные грузы в пострадавшие районы, обеспечить эвакуацию граждан в безопасные места. Я выражаю искреннюю благодарность всем военнослужащим, которые в трудное время были с народом, – сказал Глава государства.

Касым-Жомарт Токаев обратил особое внимание на то, что в рядах



нашей армии служат настоящие профессионалы своего дела. Он напомнил, что военнослужащие Казахстана успешно участвуют в различных международных миссиях под эгидой ООН. В этом году они впервые приступили к самостоятельному выполнению задач на Голанских высотах.

Это наглядно демонстрирует высокий уровень подготовки наших войск и растущий авторитет Казахстана на мировой арене.

– Наш народ всегда чтит доблестных воинов. На заседании Национального курултая в Атырау я

поручил присвоить авиабазе Сил воздушной обороны Казахстана в Талдыкоргане имя нашего соотечественника, дважды Героя Советского Союза Сергея Луганского. Яркая жизнь легендарного алматинского летчика должна стать примером для будущих поколений. Безусловно, данное решение будет способствовать повышению авторитета армии Казахстана. Подвиги защитников Родины никогда не будут забыты, – заявил Глава государства.

Президент подчеркнул, что военнослужащие продолжают славный путь наших храбрых батыров



и мудрых предков, и пожелал им успехов в службе на благо нашей Родины.

В ходе мероприятия Главе государства продемонстрировали образцы новой авиационной, боевой и специальной техники Вооруженных сил и других воинских формирований.

Кроме того, Касым-Жомарт Токаев осмотрел ряд инфраструктурных объектов авиабазы. Как доложил Заместитель Министра внутренних дел – Главкомандующий Национальной гвардией генерал-лейтенант Еркин Ботаканов, на базе созданы все условия для выполнения соответствующих боевых задач.

Президент оставил запись в Книге почетных гостей в Зале Славы военного городка.

Расположение авиабазы рядом с аэропортом Астаны позволит своевременно доставлять персонал и технику, а также обеспечит авиационную поддержку подразделений Национальной гвардии по ведению воздушной разведки и эвакуации пострадавших.

**Пресс-служба  
Национальной гвардии РК**



# ПРЕЗИДЕНТ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі криминогендік ахуал туралы мәлімет берілді. Ұсынылған ақпаратқа сәйкес жыл басынан бері қылмыс деңгейі төмендеген. Ұрлық, тонау, қарақшылық, бұзақылық, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық, мас күйінде және көшелерде жасалатын құқық бұзушылықтардың саны айтарлықтай азайған.

Министр қылмыскерлерді іздестіру жұмысының нәтижесі туралы да баяндады. Атап айтқанда, жыл басынан бері 782 адам, оның ішінде 79 азамат шетелде ұсталды. Іздеуде жүрген 16 адам елге экстрадицияланды.

Президентке адам көп жи-

налатын жерлерде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ақпарат берілді. Террористік әрекет тұрғысынан алғанда осал екі мыңнан астам нысан, соның ішінде мектептер, жоғары оқу орындары, сауда және ойын-сауық орталықтары, концерт залдары мен басқа да тарихи-мәдени ғимараттар тексерілді.

Сонымен қатар Ержан Сәденов көші-қон ісін бақылау жұмыстары жайында есеп берді. Жыл басынан бері елімізге 4,2 миллион шетел азаматы келіп, оның 4 миллионға жуығы шекарадан кері шыққан. Олардың 90 пайызы – ТМД азаматтары.

Мемлекет басшысына ұйымдасқан, кибер және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл жөніндегі, сондай-ақ

құқық бұзушылықтардың, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, су тасқыны салдарын жою, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кезектен тыс аттестациялау бағыттарындағы тапсырмаларының орындалу барысы таныстырылды.

Бұдан бөлек, министр көшелердегі қауіпсіздік деңгейін арттыру және құқық бұзушылықтарға мүлде төзбеушілік қағидатын қамтамасыз ету үшін қабылданып жатқан шаралар туралы айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

**Akorda.kz**



# МАҢЫЗДЫ ҚОС МЕРЕКЕ АТАЛЫП ӨТТІ

7 мамыр – Отан мен мемлекеттік мүддені, саяси қауіпсіздік пен дербестікті қорғайтын Отан қорғаушылар күні. Бұл күн – еліне ант бере отырып, кәсіби шеберлігімен қажырлы қызмет ететін, қай кезеңде де алдыңғы шептен табылатын, ерлік пен жауынгерлік күшке ие нағыз ерлердің мерекесі. Ал 9 мамыр – даңқты жол мен бейбіт өмірді ұрпағына мұрагерлік еткен Ұлы Жеңіс күні. 6-мамырда ҚР Ішкі істер министрлігінде маңызды қос мерекеге арналған салтанатты жиын өтті.



Іс-шараға ведомство басшылығы мен жеке құрамы, Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы мен басқарма басшылары, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен туған-туыстары, ішкі істер органдары мен құқықтық тәртіп әскерінің ардагерлері қатысты.

Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты Ержан Сәденов ардагерлер мен Отан қорғаушыларды мерекемен құттықтады.

– Осыдан 32 жыл бұрын Қазақстанның ұлттық армиясы құрылды. Тәуелсіз елдің қуатты әскері

қалыптасты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл тек әскери қызметшілерге ғана емес, баршамызға ортақ мереке екенін, ел қорғау – барша азаматтың перзенттік парызы екенін айтты. Отан қорғаушылар мен Жеңіс күні мазмұны мен





рухы жағынан бір-бірін толықтырып тұратын, ұрпаққа сабақ болатын тарихи күндер деп білемін. Кешегі жау оғынан қорғаған майдангерлердің, тыл еңбеккерлері мен бейбіт заманның батырларының ерліктерін ұмытпау – біздің қастерлі борышымыз. Бүгін Ұлы Отан соғысының от жалынынан өткен майдангерлері қатарында көзі тірі ішкі істер органдарының ардагерлері бар. Арамызда солардың бірі, 100 жастың белесін бағындырған Ұлы Отан соғысының батыры, ішкі істер органдарының ардагері, қан майданда ерлік көрсеткен ақсақал ағамыз, ішкі істер полковнигі Рахимов Құрмет Рахимұлы отыр. Аға ұрпақ алып берген Ұлы Жеңіс бізді жетістіктерге жетелейді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңуге, алға ұмтылуымызға көмектеседі. Жеңіс солдаттары алдында мәңгілік қарыздармыз, - деді министр.

Ержан Сапарбекұлы бейбіт елдің тыныштығын қорғап, өз тағдырын ел тағдырымен байланыстырып жүрген үздік қызметкерлер мен әскери қызметшілерді марапаттады. Мемлекет басшысының Жарлығымен Ұлы Отан соғысының және ішкі істер органдарының ардагері, биыл 100 жастың белесін бағындырған батыр Құрмет Рахимовке «Даңк» орденін табыстады. Батыр ардагер өз кезегінде ел Президентіне және ведомство



басшысына алғысын жеткізді. Қазіргі таңда еліміздің тыныштығы мен ашық аспанын қорғап, бейбіт өмірдің сақтаушылары ретінде батырлар жолын жалғап жүрген жауынгерлерге батасын берді.

Осы Жарлықпен Ұлттық ұланның ведомстволық басылымдары – «Қалқан» газеті мен «Бүркіт» журналы редакциясының аға офицері, Ұлттық ұлан ардагері полковник Қожахметов Қуаныш Әбілмәжіңұлы «Құрмет» орденімен наградталды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқа-

евтың Жарлығымен тағы бір әскери қызметші – 3502 әскери бөлімі арнайы комендатурасының 5 бақылаушылар взводының бөлімше командирі ефрейтор Арман Мұрзамұрат «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Салтанатты іс-шара ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан өнерпаздарының арнайы мерекелік концертіне ұласты.

**Капитан  
Мөлдір НӘЛІБАЕВА**



# МЕРЕКЕЛІК ШАРА



**Отанды қорғау - қасиетті парыз және жауапты миссия. Әскери антқа адал нағыз патриоттар әрқашан ерекше құрметке ие.**

Қазақстан армиясы ата-бабаларымыздың туған жерін бағыл

қорғаған батырлығын, сондай-ақ Ұлы Отан соғысына қатысушылардың теңдессіз ерліктерін дәстүрлі түрде жалғап келеді.

– Құқықтық тәртіп әскерлерінің жауынгерлері аға буыннан эстафетаны қабылдап, өздерінің еңбектерімен даңқты әскери және жауынгерлік дәстүрлерді жалғастыруда. Осылайша, олар Қазақстан мен Ұлттық ұлан тарихының

жаңа беттерін ашады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы біртұтас қорғаныс кешеніне ажырамас түрде кіреді. Сондықтан елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі маңызды міндеттерді орындайды. Соның ішінде, ең алдымен, қоғам-

дық қауіпсіздікті камтамасыз етуге күш-жігерін жұмылдырады.

Құқықтық тәртіп әскерлерінің барлық әскери қызметшілеріне халқымыздың қауіпсіздігі мен әлауқаты және мінсіз қызметі үшін алғыс білдіремін!

Бас қолбасшылықтың, Ұлттық ұлан Ардагерлер кеңесінің атынан және өз атымнан барлық әскери қызметшілер мен әскер ардагерлерін Отан қорғаушылар күнімен және Жеңіс күнінің 79 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге, туыстарыңызға және жақындарыңызға зор денсаулық, ұзақ өмір тілеймін. Аспанымыз әрдайым ашық болып, еліміз бен халқымыз өркендей берсін! – деді Ішкі істер министрінің орынбасары-Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов.

Отан қорғаушылар күнінен кейін еліміз тағы бір жалпыхалықтық мереке – Жеңіс күнін атап өтуде. Қазақстандықтар көптеген елдермен және халықтармен иық тіресіп фашизмге қарсы күресті. 1,2 милли-





оннан астам қазақстандық майданға шақырылды, олардың әрбір екіншісі үйлеріне орала алмады. Сондай-ақ 700-ге жуық қазақстандық қорғаныс зауыттарын салу үшін еңбек армиясына шақырылды, осылайша жеңісті өз еңбегімен жақындатты.

Ішкі істер министрінің және оның орынбасары – ҚР Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының бұйрықтарымен барлық санаттағы 2000-нан астам әскери қызметші марапатталды.

Төсбелгілер, медальдар, грамоталар мен алғыс хаттар өз иелерін тапты.

Бүгінде Қазақстанның Қарулы Күштері қатарында, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында өткен ғасырдың қатал жылдарында жеңіске жеткендердің ұлдары, немерелері мен шөберелері қызмет етеді. Олар сабақтастықты сақтай отырып, аға буын дәстүрлерін мақтанышпен жалғап жүр.

Іс-шара соңында Ұлттық ұланың Ән-би ансамблі музыкалық және хореографиялық нөмірлер орындады.

Барша қазақстандықтарды Отан қорғаушылар күнімен – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 32 жылдығымен және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығымен құттықтаймыз! Баршаңызға зор денсаулық, бақыт, амандық және Отанымыз – Қазақстан Республикасы үшін атқарып жүрген қызметтеріңізге табыс тілейміз!

**Қатардағы  
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ**



# ЦЕЛИ НАМЕЧЕНЫ - ЗАДАЧИ ПОСТАВЛЕНЫ

В Главном командовании Национальной гвардии состоялся Военный совет под руководством Заместителя Министра внутренних дел РК – Главного командующего Национальной гвардией генерал-лейтенанта Еркина Ботаканова с участием членов Военного совета, начальников главных управлений (управлений), Центров, самостоятельных отделов и служб ГК НГ. В формате видеоконференцсвязи находились командующие региональных командований, начальник Академии НГ и их заместители, а также командиры воинских частей и их заместители, начальники управлений (отделов, служб) военной полиции региональных командований и воинских частей.



На повестке дня заседания Военного совета были рассмотрены вопросы состояния служебно-боевой деятельности Национальной гвардии в 1 квартале 2024 года и результаты работы по количественному и качественному укреплению войск.

С докладом «О состоянии боевой готовности войск в 1 квартале 2024 года и приоритетных задачах на предстоящий период» выступил начальник Главного оперативного управления полковник Ерлан Жакупов. Затем о состоянии боевой службы за истекший период и приоритетных задачах на предстоящий период доложил начальник Главного управления боевой службы полковник Юрий Малицкий.

Об организации воспитательной работы по укреплению воинской дисциплины в войсках за прошедший период выступил начальник Главного управления ВиСПР. В своем докладе «О результатах работы по количественному и качественному укреплению войск» начальник управления кадров и высшего образования генерал-майор Нурбол Миртаев затронул вопрос укомплектованности категории военнослужащих по контракту.

Военный совет Национальной





гвардии Республики Казахстан, рассмотрев результаты служебно-боевой деятельности войск за первый квартал, отметил, что оперативно-служебная готовность войск поддерживается на должном уровне.

Отметим, также что в 1 квартале 2024 года воинскими частями Национальной гвардии совместно с территориальными подразделениями Департаментов – уголовно-исправительной системы и полиции городов и областей, задачи боевой службы выполнены в полном объеме.

В завершение мероприятия Главнокомандующий Национальной гвардией генерал-лейтенант Еркин Ботаканов обратил внимание на обеспечение качественного выполнения задач боевой службы, ужесточение контроля за системой подготовки и проверки несения боевой службы должностными лицами на всех ее этапах; недопущение осложнения оперативной обстановки на охраняемых объектах и равномерно распределение служебной нагрузки на офицеров и военнослужащих по контракту, выполняющих задачи боевой службы. Также поставил задачу усилить работу по укомплектованию вакантных должностей военнослужащих по контракту, считая её приоритетной и организовать каче-



ственную работу по отбору и изучению кандидатов для поступления в Академию Национальной гвардии Республики Казахстан и военные вузы зарубежных стран.

Стоит отметить, что подразделения Национальной гвардии за прошедший квартал совместно со взаимодействующими органами принимали участие в усилении общественного порядка, поисковых мероприятиях, а также в противопоаводковых и поисково-спасательных мероприятиях в условиях чрезвычайной ситуации природного

характера.

Личный состав войск и сейчас продолжает принимать активное участие в мероприятиях по оказанию помощи населению в период масштабного весеннего паводка. На сегодняшний день личный состав войск Национальной гвардии в количестве более 3000 военнослужащих успешно оказывает помощь в противопоаводковых мероприятиях.

**Старший лейтенант  
Егор БОНК,  
город Астана**



# АВИАПАРК ВОЙСК ПОПОЛНИЛСЯ САМОЛЕТОМ

В торжественной церемонии вручения нового самолета приняли участие Заместитель Министра внутренних дел – Главнокомандующий Национальной гвардией РК генерал-лейтенант Еркин Ботаканов, заместитель Главнокомандующего Национальной гвардией по технике и вооружению генерал-майор Константин Воронкин, генеральный директор компании CATIC Цзян Цзянь и генеральный директор авиазавода AVIC Shaanxi Чжан Хайцзюнь.



– Наше взаимоотношения с компанией CATIC длительный период развиваются в духе плодотворного сотрудничества и конструктивного партнёрства. Стоит отметить, что наши самолёты, которые китайские коллеги поставили ранее – успешно выполняют все поставленные задачи. Были проведены несколько международных полетов с доставкой гуманитарных грузов в Сирийскую Арабскую Республику, в Исламский Эмират Афганистан, Турецкую Республику и другие страны по распоряжению нашего руководства. Также только за последний месяц было совершено свыше 170 полетов, что в общей сложности составило 210 часов, в целях оказания помощи гражданам, пострадавшим от паводков и было перевезено около 160 тонн гуманитарных грузов. Также хотелось бы выразить признательность руководству завода AVIC Shaanxi в лице генерального директора авиазавода Чжан Хайцзюнь за качество подготовки и обучению авиационных специалистов Национальной гвар-





в трудную минуту и военнослужащие Национальной гвардии с честью и достоинством выполнили все задачи служебно-боевой деятельности. Мы поддерживаем государственный курс и политику дипломатии нашей страны. Мы не только коммерческая, но и сервисная компания – помимо продажи авиатехники мы занимаемся ещё и ее сервисным обслуживанием. Впереди нас ждёт ещё поставка трех аналогичных авиабортов для Авиационной базы Национальной гвардии, и мы приложим все усилия, чтобы это произошло как можно скорее, – подчеркнул генеральный директор компании САГИС Цзян Цзянь.

Самолет Y8F200WA (аналог одного из лучших советских транспортных самолетов Ан-12) представляет собой полногерметичный многоцелевой средний транспортный самолет с максимальной дальностью полета 4100 км и предназначен для перевозки как крупногабаритных грузов массой до 20 тонн, так и пассажиров численностью до 86 военнослужащих. Крейсерская скорость самолета составляет 550 км/ч, а практический потолок – 10 050.

Самолет имеет все необходимое оборудование для эксплуатации днем и ночью в сложных метеоусловиях, а также может выполнять посадки на необорудованные и полевые аэродромы.

дии, которые успешно эксплуатируют и обслуживают поставляемую заводом авиационную технику.

Впереди у нас ещё поставка трех самолётов, которые мы с нетерпением будем ждать. Сегодня Казахстан и Китай объединяют не только общая государственная граница и добрососедские отношения, но и доверительное взаимодействие руководителей наших государств. Личный визит делегации позволит обсудить наши взаимовыгодные перспективы сотрудничества, – сказал генерал-лейтенант Еркин Ботаканов.

Главнокомандующий также отме-

тил, что компания САГИС и авиазавод AVIC Shaanxi являются одними из самых основных импортёров в области поставок, и изъявил намерение дальнейшего взаимодействия для взаимовыгодного сотрудничества, а также обмена опытом и технологиями.

– Очень приятно встретиться с вами здесь, в Астане. Это мой первый визит в столицу Казахстана. Поставка первого самолёта была в 2018 году и с того времени у нас очень дружеские и крепкие партнёрские отношения. Приятно осознавать, что наши самолёты не подводили

**Полковник  
Ерболат СУЛТАНОВ**



# ӘСКЕРИ АВИАЦИЯНЫҢ БЕЛЕСТЕРІ

Ұлттық ұлан авиациясының құрылу тарихы 70-жылдардың аяғында КСРО ІІМ Ішкі әскерлерінің алғашқы авиациялық бөлімдерін құрудан басталады. Қазіргі Қазақстан аумағында КСРО ІІМ ІӘ (3553 «Е» әскери бөлімі) әуе күштерінің жекелеген авиациялық буыны 1987 жылы сәуірде Боралдай (Алматы облысы) әуеайлағында жауынгерлік кезекшілікке кірісті.



Ми-8 тікұшағы экипажының алғашқы құрамына Хабаровск қаласынан келген тікұшақ ұшқышы Тупицин В.Ф., Мишин Е.А. және Александрович В.А. енді.

3553 «Е» әскери бөлімі экипаждары негізгі міндеттерінен басқа Тәжікстан, Ош, Степанакерт, Спитақ, Чернобыль, Баку, Сухуми, Сумгаит және Таулы Қарабақтағы жауынгерлік және арнайы операцияларға, Шилелі (Қызылорда облысы) елдімекенінде және бұрынғы Кеңес Одағының басқа дағдарыстық аймақтарында кепілге алынғандарды босатуға қатысты.

Таулы Қарабақта бітімгершілік миссиясын орындау кезінде 3553 «Е» әскери бөлімінің ұшқыштары ерлікпен қаза болды. Атап айтқанда, 1991 жылы 20 қарашада Ми-8 тікұшағының құрамында болған тікұшақ командирі майор В.В. Котов, ұшқыш-штурман лейтенант Д. Б. Яловенко және бортық техника капитаны Г. Долгов қызметтік міндеттерін атқару кезінде жерден оқ атылып, әуе кемесінің күл-талқаны шыққан болатын. Салдарынан экипаж бен халықаралық бақылаушылар арасынан 22 жолаушы қаза тапты.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 25 ақпандағы Қаулысымен 3553 «Е» әскери бөлімінің базасында Алматы облысының Боралдай әуеайлағында орналасқан ҚР ІІМ Ішкі әскерлерінің арнайы мақсаттағы жеке авиациялық эскадрильясы – 3656 әскери бөлімі құрылды.

Бастапқыда Қазақстан Республикасы ІІМ Әскери-әуе күштерінің авиациясы Ми-8 тікұшағымен және кенестік өндірістегі Ан-26, Ан-30 және Як-40 ұшақтарымен толықты, олар 2013 жылдан бастап кезең-кезеңімен авиациялық техниканың заманауи үлгілеріне ауыстырылды. Атап айтқанда, Ан-74 ұшақтары, Ү-8 (Ан-12 ұшағы типтес, ҚХР-да жасалған), сондай-ақ Ми-171 тікұшақтары қолданысқа беріле бастады.

Ұлттық ұланның жедел әрекет ету және жауынгерлік әзірлігін арттыру мақсатында 2018 жылы Алматы және Боралдай әуеайлақтарынан 3656 әскери бөлімін Астана қаласының жаңа әуеайлығына көшіру жұмыстары сәтті жүргізілді.

2022 жылы Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, жеке авиа-

циялық эскадрилья жеке құрамның штаттық санының және авиациялық техниканың 2,5 есеге ұлғаюы нәтижесінде арнайы мақсаттағы жедел-тактикалық құрама болып қайта құрылды.

2023 жылы Астана қаласының әуежайында «Ұлттық ұланның авиациялық базасы» стратегиялық нысанының құрылысы аяқталды.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында Ұлттық ұланның ұшқыштары құқықтық тәртіпті қорғау барысында 30 мың ұшу әрекетін орындады, 55 мыңнан астам адам және 7,5 мың тонна жүк тасымалданды, қазақстандық бітімгершілік батальонының тәжік-ауған шекарасында арнайы және терроризмге қарсы операцияларға қатысуы үшін тасымалданды. Нәтижесінде көптеген адамдар Қазақстан Республикасы мен Достастық елдерінің ведомстволық және мемлекеттік наградаларымен марапатталды.

Арнайы операцияларды жүргізу барысында тікұшақтардың көмегімен 700 тоннадан астам құрамында есірткі бар өсімдіктер, 250-ден астам құқықтық тәртіп бұзу әрекеттері және 15 бірлік автотехника, 17 бірлік атыс қаруы тәркіленді. Арнайы мақсаттағы бөлімшелер жүргізетін лаңкестікке қарсы операциялар шеңберінде Ішкі істер органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың қатысумен 200-ден астам ұшулар орындалды, оның ішінде 23 ұшу әрекеті жақын және алыс шетелдерге лаңкестер мен қылмыскерлерді экстрадициялау.

Бүкіләлемдік коронавирус пандемиясы кезінде ТМД елдерінен 325 әскери қызметші мен олардың отбасы мүшелері эвакуацияланды.

Қазіргі уақытта Ұлттық ұланның авиациялық паркін жоспарлы жаңарту жұмыстары жүргізілуде және 2025 жылдың соңына қарай 86%-ға жуық заманауи үлгіде жабдықталуы тиіс деп жоспарланып отыр. Болашақта Қазақстанның барлық өңірлерінде жеке арнайы мақсаттағы авиаотрядтар құру жоспарлануда.

ІІМ КСРО және Қазақстан ІІМ Ішкі әскерлері Авиациясының және Ұлттық ұлан авиациясын әр жылдары авиацияны генерал-майоры С. Пономарев (1978-1991), подполковник Г.А. Мяткин (1993-1994), полковник Б.Б. Бельманов (1994-1995), полковник Б. Зулахуджаев (1995-1997), полковник С.А. Семенов (1997-1999), подполковник Е.А. Үсейінов (2000-



2002), полковник С.А. Турчак (2002-2004), полковник Б.Ө. Келгенбаев (2005-2012), полковник Б.С. Бутенбаев (2013-2016), полковник С.Н. Кульбицкий (2016-2017) басшылық етті.

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығының Авиация басқармасын полковник Кармыков Игорь Игоревич басқарып келеді.

3656 әскери бөлімінің командирлері: полковник В.Г. Хлебников (1992-1993), полковник С.А. Зулажуаев (1992-1995), полковник А.Н. Гайдашов (1995-1996), подполковник А.С. Семенов (1996-1999), майор С.В. Турчак (1999-2003), майор Е.Ф. Тяжелников (2003), полковник Е.А. Усеинов (2003-2005), подполковник А.К. Сейсембаев (2005-2016), подполковник Р.Р. Вахитов (2016-2019), полковник М.А. Долонбаев (2019-2020), подполковник П.В. Хребтов (2020-2022), полковник Д.А. Бастер 2022 жылдан қазіргі уақытқа дейін.

Қазір авиация қызметіне Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары генерал-майор Воронкин Константин Юрьевич жетекшілік етеді.

Жақын және алыс шетелдердегі тұрақсыз геосаяси жағдайға байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы қоғамдық қауіпсіздікке төнетін сын-қатерлерге уақытылы ден қою үшін Мемлекет басшысы әскерлердің жедел әрекет ету мен жа-

уынгерлік әзірлігін арттыруға ерекше көңіл бөледі. Ішкі істер органдарының басшылығы Ұлттық ұланның әскери-көліктік авиация паркін сандық және сапалық жағынан толықтыруға бағытталған қажетті шараларды қабылдауда.

#### **ЕҢ АЛДЫМЕН ҰШАҚТАР...**

Материал дайындалу кезінде Астана қаласындағы аэродромда Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның авиациясына қарасты екінші көпмақсатты орта көліктік Y-8 ұшағын жеткізуге байланысты салтанатты іс-шара өтті.

Ұшақты Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Елшілігі жанындағы әскери атташе аппараты авиация өнеркәсібі корпорациясымен бірлесіп жеткізді. (САТІС)

Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары генерал-майор Константин Воронкин аталмыш іс-шараға жетекшілік етті. Сонымен қатар бұл күн құқықтық тәртіп әскерлерінің авиациясын дамытудағы тағы бір тарихи сәт екенін атап өтіп, Қытай тарапынан келген өкілдерге алғысын білдірді:

– Алдымен ұшақты мерзімінен бұрын жеткізген САТІС компаниясына және дайындаушы зауыттың өкілдеріне алғысымды жеткіземін және Қытай Халық Республикасында Ұлттық ұланның авиация мамандарын сапалы оқытуға атсалысқандарыңыз

үшін рахмет. САТІС компаниясының ұшу-нұсқаушы құрамына қазақстандық ұшқыштардың білімдерін жетілдіру үшін жасаған еңбектеріңізге жеке алғысымды білдіремін.

Сонымен қатар, генерал-майор Константин Воронкин САТІС компаниясы пайда болған күннен бастап әлемнің 60 еліне 2600-ден астам қару-жарақ пен әскери техниканың әртүрлі үлгілерін, оның ішінде әуе кемелерінің 35 түрін және пилотсыз аппараттарды жеткізгенін айтып өтті.

САТІС компаниясының Клиенттерге қызмет көрсету департаментінің директоры Джингжи Янг та өз тарапынан жылы лебіздерін білдірді:

– Мен үшін қазақ еліне келіп, аталмыш шараға қатысу – үлкен құрмет. Қытай мен Қазақстан шекаралас ел, сондықтан біздер әрдайым сенімді серіктестер бола білуіміз қажет. Серіктестік ету кезінде біз Ұлттық ұланның авиациялық мамандарының өз ісінің шеберлері екендігіне көз жеткіздік және қарулануға қабылданған ұшақ сенімді жұмысты көрсетті. Аталмыш ұшақты әрі қарай да тиімді пайдаланып, қызмет барысында пайдаға жаратасыздар деп сенемін. Ұлттық ұланның әуе флоты Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне лайықты үлес қосатынына сенімдімін.

Осы тұста «Достық – сарқылмас байлық» деген қытай мақалы еске түседі. Осылайша Қытай мен Қазақстан өзара тиімді ынтымақтастық







лық құрамның асханасы, спорт кешені, клуб, командалық-диспетчерлік пункт) экскурсия жүргізді.

Астана қаласының әуежайындағы ең үлкен техникалық бөлімнің Ангары – жаңа авиабазаның айрықша мақтанышы. Оған АҚИ (авиация қызметінің инженерлік) барлық топтары мен қызметтерінен басқа төрт орта ұшаққа дейін еркін орналастырылады.

– Авиабазаның ресми ашылуы 2024 жылдың көктеміне жоспарланған, оған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев келеді деп күтілуде.

Сондай-ақ, авиациялық базаның салтанатты ашылуында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің авиациялық және арнайы техникасының жаңа үлгілерін көрсету жоспарлануда.

### **БАУЫРЛАС ХАЛЫҚҚА КӨМЕК**

Ұлттық ұлан авиациясы негізгі қызметтік міндеттерінен басқа, көліктік ұшақ экипаждарының көмегімен жауынгерлік міндеттерді, Мемлекет басшысының тапсырмалары мен нұсқауларына сәйкес халықаралық гуманитарлық миссияларды орындайды.

Сондай-ақ, 2024 жылдан бастап әскер авиациясының экипаждары өртті сөндіру және ауыздықтау үшін ТЖМ-ге көмек көрсету бойынша кезекшілік қызметін атқаратын болады.

– 2023 жылдың өзінде авиаэскадрилья экипаждары табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарынан 100-ден астам зардап шегушіні эвакуациялап, 200 тоннадан астам гуманитарлық жүкті Сирияға (Алеппо аэродромына), Түркияға (Гизандеп) және Ауғанстанға (Гират әуеайлағына) жеткізді, – деп атап өтті полковник Дмитрий Бастер.

Атап өту керек, бұл межелі аэродромдарға барлық рейстер күрделі метеорологиялық жағдайларда, әсіресе түнде орындалды, өйткені



гуманитарлық жүктерді ұшаққа тиегеннен кейін ұшуға күндізгі жарық жеткіліксіз болды және зардап шеккендерге мүмкіндігінше тезірек көмек көрсету қажет болды.

– Ел басшылығы авиациялық базаның ұшу құрамының кәсіпқой шеберліктерін жоғары бағалады, – дейді полковник Д. Бастер мақтанышпен.

– Осы ретте 30-дан астам әскери қызметші мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды. Олардың ішінде авиациялық жасақ командирі майор Құрманғали Топанов ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен, литерлік авиациялық жасақ кемесінің командирі капитан Берікболсын Хабиболла «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ, 13 әскери қызметші Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Біз осы рейстердің тікелей қатысушысы майор Құрманғали Топановпен байланысқа шықтық, ол бізге бұл рейстерді орындау кезінде тек бұлттың төмендігімен, шектеулі көрінумен ғана емес, сонымен қатар жер сілкіністерінің нәтижесінде ұшу-қону жолақтарының жабыны мен әуежайлардың жарық техникасы-

ның зақымдануы қиыншылық тудырып отырғанын атап өтті.

– Сирияға барған төрт рейс те ауыр болды, өйткені табиғи сипаттағы апаттар әскери қимылдарды ушықтырды. Сондай-ақ Сирия мен Ауғанстанның әуе кеңістігінде спутниктік навигация құралдары жұмыс істемеді және соған қарамастан, біз де тәуекелге бел будық. Біз экипаждың кәсібилігі мен үйлесімділігіне үміт артып, бортық навигацияның жұмыс істейтін құралдарына ғана жүгіндік.

Бірақ бұл қиындықтарға қарамастан, бауырлас халықтарға көмек көрсетіп, зардап шеккен халықтың ризашылығын алу және елінің мәртебесі үшін қызмет етемін деген мақтанш сезімі кеудені кернеді, – деді майор Құрманғали Топанов.

Биылғы жылы тікұшақ ұшағы қызметкерлері Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарындағы төтенше жағдайлардан зардап шеккендерге көмек көрсетті, онда 300-ден астам зардап шеккендер эвакуацияланып, 20 тоннадан астам гуманитарлық көмек жеткізілді.

**Дайындаған лейтенант  
Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ**



# «Ұлттық ұлан аруы» байқауы мәресіне жетті



Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Мереке алдындағы күні Бас қолбасшылықта ерекше көзге түскен әскери қызметшілерге Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрығымен төсбелгілер, грамоталар және бағалы сыйлықтар табыс етілді. Құқықтық тәртіп әскерінің Ән-би ансамблінің шығармашылық ұжымы мерекені тамаша билерімен және әдемі музыкалық композициялармен жандандырды.





Бүгінде Ұлттық ұлан қатарында екі мыңға жуық әскери әйел қызметші қызмет етеді. Олардың екі жүзден астамы офицерлік лауазымдарда қызмет атқарады. Иығына погон таққан әйелдер ерлермен бірге өздерінің әскери міндеттерін орындайды. Әскери әйелдер бүгінде қарауылдарда, байланыс тораптарында жауынгерлік қызмет атқарады, сонымен қатар нәзік жандылар әскерлерді әскери-медициналық, тылдық, бюджеттік-қаржылық қамтамасыз етуге жұмылдырылған. Олар әйелдер кеңесінің мүшесі, олардың қатысуымен жеке құрамды әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ әскери қызметшілердің жас отбасыларын қолдау мәселелері шешіледі.

Бірақ иықтағы погон мен жүктелген міндеттердің жауапкершілігі әскери әйел қызметшілердің ерлер ұжымының сәні болуға, жұбайларының адал жары және мейірімді ана атануға, жақындарына қолдау көрсетуге кедергі болмайды.

Айтулы іс-шарада Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов

әйелдерге жылы лебізін арнады.

– Сіздер ер адамдармен қатар Отанымыздың қауіпсіздігі үшін өте күрделі және жауапты міндеттерді орындап келесіздер. Сондай-ақ әскери ұжымдарда жайлылық пен керемет атмосфера жасайсыздар. Бұл үшін сіздерге алғыс айтамыз. Көктемнің шуақты күндерінде сіздерге зор денсаулық, әсемдік, әйел бақыты мен қуанышын тілеймін! Жүрегімізге жылулық, мейірімділік пен жарық сыйлап жүре беріңіздер, – деді Еркін Советбекулы.

Іс-шара аясында «Ұлттық ұлан аруы – 2024» фотобайқауының жеңімпаздары марапатталды. Бұл фотобайқау құқықтық тәртіп әскерлерінде жыл сайын ұйымдастырылады. Биыл да сол дәстүр жалғасын тапты. Оған барлық аймақтық қолбасшылықтарда қызмет ететін 55 ару қатысты. Дауыс беру кезеңінде құқықтық тәртіп әскерлерінің барлық жеке құрамы белсенділік танытқанын айта кеткен жөн.

Байқау қорытындысы бойынша, III дәрежелі дипломмен 6505 әскери бөлім штабының ұйымдастыру және жасақтау бөлімшесінің

маманы (іс жүргізушісі) қатардағы Мақпал Әбділдаева, II дәрежелі дипломмен 6505 әскери бөлім кадрлар бөлімшесінің аға маманы (жауапты орындаушы) Гүлжан Жұмабекова марапатталды. I дәрежелі дипломмен «Ұлттық ұлан аруы – 2024» атағын 5571 әскери бөлімінің қаржы қызметінің аға маманы (бухгалтері) ефрейтор Қарлығаш Болысбаева иеленді.

– Құқықтық тәртіп әскерінің маған белсенді дауыс бергеніне қуаныштымын. Сіздердің қолдауларыңыз бен сенімдеріңіз үшін алғысымды білдіргім келеді. Осындай конкурс өткізгені үшін Ұлттық ұлан Бас қолбасшысына алғыс айтамын. Бүгінгі концерт жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Барша нәзік жандыларды Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын! – деді ефрейтор Қарлығаш Болысбаева.

Мерекелік кеш Ұлттық ұлан Әнби ансамблінің солистері әзірлеген қызықты концертпен аяқталды.

#### ҚР Ұлттық ұланының баспасөз қызметі



# ҰЛТТЫҚ ҰЛАН ФОТОБАЙҚАУЫНЫҢ



Ефрейтор  
**БОЛЫСБАЕВА**  
Карлығаш Оралқызы  
5571 әскери бөлімі



Ефрейтор  
**ЖҮМЕБЕКОВА**  
Гүлжан Серікқызы  
6505 әскери бөлімі



Ефрейтор  
**АБДЫЛДАЕВА**  
Макпал Нурланқызы  
6505 әскери бөлімі



Қатардағы  
**ТЕМІРОВА**  
Айнара Қайролдақызы  
5516 әскери бөлімі



Ефрейтор  
**ҚАЗБЕКОВА**  
Аяулым Қазбекқызы  
5512 әскери бөлімі



Қатардағы  
**АЛПЫСБАЕВА**  
Нұрсипат Бақытбекқызы  
5513 әскери бөлімі



Ефрейтор  
**ЕРМАХАНОВА**  
Қаламқас Қазтайқызы  
5514 әскери бөлімі



Кіші сержант  
**ОНАЙҒАЛИЕВА**  
Динара Әлібекқызы  
5546 әскери бөлімі



Қатардағы  
**МАУСЫНБАЕВА**  
Нұргүл Қоңырбайқызы  
5547 әскери бөлімі



Қатардағы  
**МАУСЫНБАЕВА**  
Нұргүл Қоңырбайқызы  
5547 әскери бөлімі



Ефрейтор  
**ЫСҚАҚ**  
Аида Өмірбекқызы  
5571 әскери бөлімі


# «АРУЫ-2024» ҚАТЫСУШЫЛАРЫ



Қатардағы  
**БЕКЕН**  
Акерке Тұрсынбайқызы  
5510 әскери бөлімі



Ефрейтор  
**БӨКЕНБАЕВА**  
Назым Қалибекқызы  
5511әскери бөлімі




Ефрейтор  
**АЙТҚАЗИНА**  
Әсем Серікқалиқызы  
5511 әскери бөлімі



Қатардағы  
**КЕНЖЕБЕКОВА**  
Мәлдір Жанболатқызы  
5518 әскери бөлімі



Ефрейтор  
**ӘМІР**  
Шолман Маратқызы  
5512 әскери бөлімі



Ефрейтор  
**ГИЛМАНОВА**  
Аккиз Аленовна  
Воинская часть 5517



Қатардағы  
**МАМАНҚЫЗЫ**  
АҢСАҒАН  
5511 әскери бөлімі



Қатардағы  
**СЕРІКБЕКОВА**  
Тоғжан Қайратқызы  
5518 әскери бөлімі



Қатардағы  
**ҚУАНТҚАН**  
Гүлсана Қайнарқызы  
3656 әскери бөлімі



Қатардағы  
**САБИТОВА**  
Жазира Сәбитқызы  
5573 әскери бөлімі



Қатардағы  
**БАЙБОЛОВА**  
Назым Құралқызы  
5451 әскери бөлімі



Ефрейтор  
**ДӘУЛЕТБЕК**  
ӘЛИЯ  
3660 әскери бөлімі



**Қатардағы  
БАЙБЕКОВА**  
Ақмарал Асылболатқызы  
5573 әскери бөлімі



**Ефрейтор  
ЖҰМАБЕКОВА**  
Альбина Маратқызы  
6637 әскери бөлімі



**Қатардағы  
ЖҰМАБАЙ**  
Данара Нұрланқызы  
3514 әскери бөлімі



**Қатардағы  
ДАМИХАНОВА**  
Мерuert Жұманқызы  
3477 әскери бөлімі



**Қатардағы  
БАТЫРАХАНОВА**  
Үміт Сәлімжанқызы  
3514 әскери бөлімі



**Ефрейтор  
ЛАШИНА**  
Карина Владимировна  
3517 әскери бөлімі



**Сержант  
КАРПОВА**  
Юлия Викторовна  
3517 әскери бөлімі



**Қатардағы  
ЖЕҢІС**  
Назым Нұрбекқызы  
3650 әскери бөлімі



**Қатардағы  
ДЫҢҒАБЫЛОВА**  
Айдана Дыңғабылқызы  
6505 әскери бөлімі



**Кіші сержант  
АХМЕТОВА**  
Перизат Алпысбайқызы  
6506 әскери бөлімі



**Қатардағы  
БАЙБАЛАЕВА**  
Молдір Қанатқызы  
6506 әскери бөлімі



**Ефрейтор  
ЗАГИПАРОВА**  
Ботагөз Дүйсенбайқызы  
6506 әскери бөлімі



**Сержант  
СТРИЖАК**  
Валентина Вячеславовна  
3514 әскери бөлімі



**Қатардағы  
МЕЛЬНИКОВА**  
Ирина Юрьевна  
6654 әскери бөлімі



**Кіші сержант  
ЖАҚЫПОВА**  
Айжан Амангелдіқызы  
6679 әскери бөлімі



**Қатардағы  
МОРОЗОВА**  
Сандина Юрьевна  
6655 әскери бөлімі



**Қатардағы  
САНДИБАЕВА**  
Ақжан Болатқызы  
6656 әскери бөлімі



**Қатардағы  
ҚҰТТЫБАЙ**  
Аружан Алтынбекқызы  
6655 әскери бөлімі



**Қатардағы  
ҚАЙРЖАНОВА**  
Рымжан Омашқызы  
6679 әскери бөлімі



**Қатардағы  
ОРАЗГЕЛДИНА**  
Нұргүл Нұрлыбекқызы  
6697 әскери бөлімі



**Қатардағы  
НЫҒЫМЕТЖАН**  
Айнұр Болатбекқызы  
6697 әскери бөлімі



**Қатардағы  
АҚТАНБЕК**  
Жансая Абайқызы  
6698 әскери бөлімі



**Ефрейтор  
АҚЖОЛОВА**  
Сандуғаш Қайраталықызы  
6698 әскери бөлімі



**капитан  
КАЙНАЗАРОВА**  
Айман Абдашимовна  
7552 әскери бөлімі



**Ефрейтор  
ЖАСҰЛАНОВА**  
Адинай Нұрланқызы  
Ұлттық ұлан академиясы



**Қатардағы  
САРЫБАЕВА**  
Аязжан Бейбітқызы  
3477 әскери бөлімі



**Кіші сержант  
ГҮЛШАРАТ**  
Асатуллақызы Құлахмедова  
Оңтүстік өңірлік қолбасшылығы



**Ефрейтор  
ЖАДИГЕРОВА**  
Алина Наильевна  
5572 әскери бөлімі



**Сержант  
АБДУЛЛАЕВА**  
Айгүл Асанқызы  
3502 әскери бөлімі



**Ефрейтор  
Бегалина  
НҮРГҮЛ МИРХАТҚЫЗЫ**  
6699 әскери бөлімі



**Ефрейтор  
БОЛЫСБАЕВА**  
Еркежан Азаматқызы  
6636 әскери бөлімі



**Қатардағы  
БЕКСҰЛТАНОВА**  
Мерuert Сағалбайқызы  
5510 әскери бөлімі

# «ЕЛ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТТІМ!»

Бірнеше жыл бұрын Тәжікстан Республикасының Пшихавр таулы шатқалында әскерилер мен моджахедтер арасында ауыр ұрыс болды. Сол шайқаста бауырлас елдің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ақтық демі қалғанша күресіп, ерлікпен әскери борышын өтеген 17 жас жауынгер қаза тауып, жараланған сарбаздар да болды. Бұл қақтығыста ерлік көрсеткен батырларымыз ешқашан ұмытылмайды, әрқашан жадымызда.

Ұлттық ұлан қатарында Шымкент қаласындағы 6506 әскери бөлімінде қызмет еткен запастағы подполковник Сұлтан Нұрымбетов те осы тәжік-ауған соғысына қатысушылардың бірі. Олай болса, кейіпкерімізбен таныстырып өтейік.

## Туған жерім – мекенім

Сұлтан Жаңабайұлы 1958 жылы Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Тастыбұлақ елдімекенінде дүниеге келген. Әкесі Жаңабай Нұрымбетов КСРО Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, колхоз бригадирі болып қызмет атқарған, ал анасы Жүрсінкүл апай сегіз баланы дүниеге әкеліп (төрт ұл, төрт қыз), шаңырағының ұйытқысы болған асыл ана. Кейіпкеріміз бала күнінен өжет, қайсар бала болып өседі. Әкесі өте қатал болғандықтан, балаларының тәрбиесіне аса үлкен жауапкершілікпен қараған. Сұлтан аға-

ны жеті жасынан бастап бокс үйірмесіне беріп, күреске баулиды. Қолына орамал орап, сыртынан қойдың терісінен жасалған қолғап кигізіп боксқа, күрестің әдіс-тәсілдеріне үйрететін. Кейінірек дүкеннен арнайы бокс қолғабын сатып алып берген және сол қолғапты екі иығына салып алып, «жекпе-жекке шығатын бала іздеп жүретінмін» дейді кейіпкеріміз. «Әкенің балаға беретін ең үлкен сыйы – жақсы тәрбие» дегендей, Жаңабай ағай жұмысқа кетерде балаларына тапсырма беріп кетеді екен және қызметтен оралғанша берілген тапсырманы толығымен орындап қою керек екен. Осылайша, балаларын жауапкершілікке, жинақылыққа тәрбиелеген. Сонымен қатар, Сұлтан ағай да сол әдісті өзінің балаларына да қолданады екен.



– Тәрбие – отбасындағы ең басты құндылық деп санаймын. Бала кезімізде боран, суыққа қарамастан, сабақтан қалмайтынбыз. Мектептен келген бойда анама үйдің тіршілігіне кірісетінмін, «анам шаршап тұрған жоқ па екен?» деп көңіл-күйін бағатын едік. Ал қазір, керісінше, ана баласының көңіліне қарап отыратын заман болды ғой. Мейлінше, ер баланы мықтылыққа, төзімділікке тәрбиелеген дұрыс деп санаймын. Қазақта «балаңды аясаң – аяма» деген керемет қазақ мақалы бар,





соны қазіргі жас ата-аналар жадын-да сақтаса екен деген өтінішім бар, - дейді Сұлтан аға.

### Әскери борышты өтеу - парыз

Әкесінің қатал тәрбиесін көріп, көпбалалы отбасынан шыққан бала Сұлтан 19 жасында әскерге аттанады. Өздеріңізге белгілі, ол кезеңде әскерде қызмет ету мерзімі екі жылды құрайтын және елімізден тыс жерлерге жолданатын. Сол айтқандай, 1977 жылы Ресейдегі Коми АССР Архангельск облысының Плесецк ауданы Пуксоозеро елді мекеніндегі 6513 әскери бөлімінде қызмет еткен.

– Өзіңіз ойлап көріңіз, ауылдан шыққан қазақтың қара баласымын, басқа ел, өзге ұлт өкілдерінен жиналған жастар. Әрине, қиын болды. Дегенмен, бала күнімде әкемнің өмірге шындауы осы тұста маған көмекке келді. Әр түрлі ұлт өкілдерінен достар таптым, «қара нанды бөлісіп жеген» қарулас достарыммен өмірдің қызықты сәттерін бірге көрдім. Туған жер, елге деген патриоттық сезімім кеудемде жанып тұрғандықтан, әскери антқа адалдық танытып, елім мен ұлтымның алдындағы жоғары жауапкершілігімді сезіне білдім. Сөзім дәлелдірек болуы үшін айтып өтейін, Пуксоозеро жерінің климаты менің туған жерімнен мүлде басқаша. Туған жерімнің қысы жылы болатын болса, ал мына жердің қысы суық, қар күнде жауады, боранды күндері қызмет атқаруға шығатынбыз. 52-55 градус салқынның қандай болатынын өзіңіз ойлай беріңіз... Соған қарамастан біз өз міндетімізді қиындыққа қарамастан, атқара беретінбіз. Мен қарулас достарыммен бірге үш ауысым бойынша сотталғандарды жататын объекттен заводқа жаяу айдап апарып, қайтадан алып келетінбіз. Оның тәулік бойы қалыптасқан күзетуі бар. Оның үстіне қыста аязға, боранға қарамастан үш машинамен әрқайсысында жиырма бес сотталғандарды тиіп, орман ағаштарын кестіреміз, ал жазғы уақытта мотовозбен бір вагон қырық сотталғанды жиырма шақырымға дейін апарып темір жолды жөндеу жұмыстарына салатынбыз және онымен қоса, уақытша объектілер де бар болатын. Сотталушылардың талай рет шабуыл жасаған кездері де болды. Осылайша, қызметімді жауапкер-

шілікпен атқарғаным үшін дивизия командирі генерал-майор есімі Лапаев қызметте қырағылық танытып, міндетімді жауапкершілікпен атқарғаным үшін II дәрежелі «За отличие службе» төсбелгісін таққан болатын. Осы марапатқа ие болған қуанышты сәтім әлі күнге дейін есімде. Ата-анам мен отбасымның, туған елімнің алдындағы үмітім ақталғандай әсерде болдым. Сондықтан бұл марапат – мен үшін әлі күнге дейін ыстық, - дейді Ұлттық ұланның запастағы подполковнигі Сұлтан Нұрымбетов.

### «Елім үшін қызмет еттім!»

Әскери борышты адал атқарып, азаматтық міндетін өтеп келгеннен кейін кейіпкеріміз 1979 жылы Шымкент қаласындағы Ішкі әскердің (қазіргі Ұлттық ұланның) 6506 әскери бөлімінде қызмет атқарады. Қызмет ете жүріп, 1984 жылы Ленинград қаласындағы жоғары әскери-саяси училищесін бітіріп келіп, рота командирінің саясат жөніндегі орынбасары, рота командирі қызметтерін атқарған. 1993 жылы Шымкент қаласындағы жедел мақсатқа арналған 5485 әскери бөлімінде рота командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары, мотоатқыштар батальонының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары лауазымдарында да тәжірибе жинақтап, қызмет атқарды. Сонымен қатар, 1999 жылы Тараз қаласындағы 5513 әскери бөлімінде тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі бөлімнің бастығы, әскери бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары болып қызмет еткен.

– Мен жоғарыда айтып өткенімдей, азаматтық міндетімді орындап, елге келген соң, қызметімді Ішкі әскер қатарында жалғастыруға бел будым. Себебі, ер адам үшін Отан алдындағы міндетін атқару нағыз қолайлы істің бірі деп санадым. Көбінесе қызметімді тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс бойынша атқардым. Жас жауынгерлер мен әскери қызметшілердің патриоттық сезімін дамыту және жауынгерлік рух пен төзімділікті қалыптастыру жолында еңбек еттік. Қызмет барысында әр түрлі ситуациялар болды, әрине, дегенмен кез келген тығы-



рықтан шығар жол болғандықтан, ақылмен, байыппен сол жолды таба білдік деп ойлаймын. Сол кездегі Ішкі әскер, қазіргі Ұлттық ұланға қолымнан келгенше көмегім мен кеңесімді беріп, қызмет еттім. Ел үшін қызмет еттім, - дейді подполковник Сұлтан Нұрымбетов.

Сұлтан Жаңабайұлы 2004 жылы Ұлттық ұлан сапынан зейнеткерлікке шыққан.

### «Қиындықтар болды, алайда біз бәріне төздік...»

Тәжік-ауған шекарасында ең басты міндетіміз – моджахедтердің өтуіне, олардың есірткі, қару-жарақ алып өтуіне тойтарыс беру болды дейді. – Ең бастысы – Пяндж өзенінен заңсыз өткізбеу. Әрине, қызметіміз қиындау болды, себебі, біріншіден Памир тауы теңіз деңгейінен 2500 метрден биік. Отанымыздан алыс. Бірақ, сол қиындықтарға қарамастан біздің ер-азаматтарымыз міндеттерін абыройлы орындап, қырағылық танытып, үздіктер қатарында болды. Әрине, қақтығыстың біздің жүйке жүйемізге де әсер етпей қоймағаны белгілі, өте ауыр болды. Дегенмен, біз бәріне төздік, - деп сол қиын кездерді есіне алды кейіпкеріміз.

Сұлтан Жаңабайұлы тәжік-ауған шекарасындағы қақтығысқа үш мәрте барып, өз үлесін қосқан. Атап айтқанда, 1994 жылы рота командирі капитан Р. Ахмеджанов болса, кейіпкеріміз рота командирінің орынбасары лауазымында үш ай он күн қызмет етті, екінші рет 1995 жылы капитан А. Новиков рота командирі лауазымында болды, ал Сұлтан



эке жолын қуып, Шымкент қаласындағы 6506 әскери бөлімінде қызмет етеді, ал екі қызы өздерінің бақытын тауып, бір отбасының түтінін түзу жағып отырса, кіші қызы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің III курс студенті.

Сұлтан ағамыз зейнеткерлікке шықса да, өзінен кейінгі жастарға, офицерлерге өмірден алған тәжірибесімен бөлісіп, ақыл-кеңесін беруде. Шымкент қаласындағы 6506, 6698 әскери бөлімінде Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс-қимылдарының Ардагерлер одағының мүшесі ретінде әскери

бөлімдерде, мектеп-колледждерде өткізілетін шараларда үнемі бой көрсетіп отырады. Кейіпкерімізді жастарды отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу ісіне белсене қатысатын офицер ретінде таныдық.

Запастағы подполковник Сұлтан Нұрымбетов бос уақытында бау-бақшаға қарап, бағбандықпен айналысқанды ұнатады екен.

Олай болса, біз де өз тарапымыздан Сұлтан ағамызға қызметі үшін рахметімізді айтып, отбасына бақыт және зор денсаулық тілейміз!

7 сәуір – Ерлік күні қанды қақтығыста батырлық пен батылдықтың үлгісін танытқан ерлердің рухына арналып, салтанатты шара өтеді. Бұл атаулы датада «тәжіктік» атанып кеткен ардагерлеріміз бас қосып, сол бір сұрапыл күнді естеріне алады. Олай болса, барлық қатысушы ардагерлерімізге зор денсаулық, отбасылық бақыт, ғибратты ғұмыр тілейміз.

**Лейтенант  
Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ**

Жаңабайұлы рота командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарады. Осы 1995 жылы барған кезінде алты ай қызметте болып, жауынгерлік борышын атқарып, елге қайтып келеді. Ал үшінші мәрте 1997 жылы қаңтар айынан бастап, сәуір айына дейін болды. Ол кезде командир батальоны майор Ю. Сколецкий болды, ал оның тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін Сұлтан ағамыз атқарған. Запастағы подполковник Сұлтан Нұрымбетовтың айтуынша, қызмет ету кезінде барлық рота, батальон сарбаздары мен офицерлері өздерінің міндеттерін абыройлы орындап қайтқан. Осы тұста айта кету керек, кейіпкеріміз қақтығысқа алғаш барған кезде отыз алты жаста болған.

#### **Отбасым – бақытым**

Бала күнінен қазақтың азаматына тән мінезді сіңіріп өскен Сұлтан Жаңабайұлы қызметте жауапты офицер болса, отбасында сүйікті жар, қамқор әке. Кейіпкеріміз аяулы жары Ақбике апаймен бір ұл, үш қызды тәрбиелеп өсірген. Ұлы Ардақ



# СЕРІГІН ЕРТКЕН СТАРШИНА

Жедел мақсаттағы батальонның қамтамасыз ету ротасының кинология қызметі мамандары тобының бөлініс бастығы (топ бастығы) старшина Руслан Рамазанов Ұлттық ұлан сапында 15 жылдан бері қызмет етіп келеді. Біз онымен кезекті іс-сапар барысында таныстық. Тәжірибелі маманмен болған әңгімені оқырман назарына ұсынамыз.

– *Руслан Серікұлы, Қызылжар өлкесіндегі әскери бөлімге енген сәтте сіз жайлы естіп, өзіңізбен танысқымыз келді.*

– Ниеттеріңізге рахмет! Мен 1978 жылы 7 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Үлгі ауылында өмірге келгенмін. 1995 жылы 11 сыныпты бітірген соң Петропавл аграрлық-техникалық колледжіне оқуға түсіп, бір жылдан кейін әскер қатарына шақырылдым. 1996 жылы әскери борышымды көптеген әскери бөлімде өтедім: Қапшағай қаласындағы 64192 және Жаркент қаласындағы 74261 әскери бөлімдерінде болдым. Содан кейінгі қызметім тәжік-ауған шекарасындағы 97771 және 2547 әскери бөлімдерінде өтті. Тәжік-ауған шекарасында 1997 жылдың қараша айынан бастап, 1998 жылдың наурыз айының соңына дейін болдым. Елге келген соң Петропавл қаласында қызметімді жалғастырып, Ішкі істер министрлігінде қызмет атқардым. Кейін ол жақтан өз еркіммен кетіп, Ұлттық ұланның 6637 әскери бөліміне ауысып келдім.

– *Жат жерде жауынгерлік қызмет атқарған жылдарға ойша орала аламыз ба?*

– Тәжік-ауған шекарасына барар кезде келісім шартқа отырдық. Келісімге келерден бір күн бұрын тәжік-ауған шекарасына барғысы келетін ниеттілерді жинайтыны туралы хабар жетті. Бірақ ол жаққа баруға ынталы адамдар аз еді. Сондықтан болар бізден ешкім сұрап жатпады. Басшылық құрам аты-жөнімізді атап, кімдердің баратынын өздері айқындап берді. Отан жіберіп жатқан соң, «бара алмаймын» деп айта алмадық. Біздерді жақсы дайындықтан өткізді. Екі ай Жаркент қаласының іргесіндегі Көктал деген полигонда жаттығуға қатыстық. Содан Сарыөзек қаласына барып, сол жерде ұшақ күттік. Ең соңында Алматы қаласының түбіндегі Николоевка қаласынан тәжік-ауған шекарасына ұштық. Аттанар алдында 1995 жылы 7 сәуірде болған жағдайды естідік. Заманның тыныш кезінде 17 жауынгерден айырылу

деген оңай емес. Ол кезде біздер 18-19 жастамыз. Содан тәжік-ауған шекарасына барғанда бастапқыда кобалжу, үрей болды. Өйткені қалада жүріп қызмет атқарған басқа да, шекара шебінде міндет арқалау бөлек қой. Бас кезінде қиын болғанымен кейін бой үйреніп кетті. Ол кезде шекарадан есірткі өткізу, қару тасу секілді іс-әрекеттер көп болды. Қызмет барысында шекарадан заңдастырылмаған заттармен заңсыз өткен қаншама адамды ұстадық. Қызмет атқарған 4 ай мерзім 4 жыл секілді өтті. Ол жаққа біз бір рота болып бардық. Біздер Калай-Хумб отрядының Жабай заставасында болдық. Өзге елде қызмет ету, өз елінде жүргендей болмайды екен. Бірақ бәріміз бірге аштыққа да, суыққа да қарамай адал қызмет етіп келдік деп айта аламын. Құдайға шүкір, біздің арамызда қайғылы жағдай болмады. Бізге шабуыл жасамаққа ниеттенгендер болған, брақ олардың бәріне тойтарыс беріп, уақытылы қимылдап отырдық. Айтпақшы, тәжік-ауған

шекарасында қаза тапқан жауынгерлермен бірге айқасқан Сайран Қаженов Петропавл қаласында тұрады. Ұлттық ұлан ардагері бертінге дейін әскери академияда қызмет етті. Қазір зейнеткер. Ол сол шайқаста аяғынан жарақат алған. Міне, сол оқиғаға қатысқан жауынгерлерді жыл сайын әскери бөлім ауласындағы ерлік монументі алдында еске алу шарасын өткіземіз. Біз үшін оларды ұмыту мүмкін емес. 1991-2001 жылға дейін Қазақстанның 11 мыңға жуық сарбазы бітімгерлік қызмет атқарды. Менің білуімше, соның ішінде өмірден озғандарының саны 52 адам. Ол жақтан келгеннен кейін ауырғандары, сырқаттанып келгендері бар. Соның салдарынан қайтыс болғандары да жетерлік. Мен мұны нақты білемін. Мұны естігенде бәріміздің жүрегіміз ауырады. Бірақ бұл өмірдің заңдылығы шығар...

– *Мұның бәрі өткен күннің өзекті өртер тарихи оқиғалары болып қала беретіні анық. Әскери антына адалдық танытқан азаматтар ешқашан ұмытылмайды! Әңгіме ауанын кәсіби салаңызға қарай бұрсақ. Қазіргі қызметіңіз қандай?*

– 2010 жылы Ұлттық ұланның әскери бөліміне алғаш келгенде бөлімше командирі болып тағайындалдым. Одан кейін әскери жасақ бастығы болып 3 жыл қызмет атқар-





дым. Уақыт өте келе, кинологияға бет бұрдым. Әскери бөлімге келгелі бері қызметім кинология төңірегінде өрбіп жағыр. Жедел мақсаттағы батальонның қамтамасыз ету ротасы ішіндегі кинология мамандары тобының бөлініс бастығы (топ бастығы) болып қызмет атқарамын. Қол астымда келісім шарт бойынша қызмет ететін алты кинолог бар. Біз жедел мақсаттағы батальон ретінде қаладағы қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша қызмет атқарамыз. Қазақстанның қай аумағында болсын, бұзақылық деген болып тұрады. Міне, соны болдырмау, болған жағдайда дер кезінде тоқтату секілді

міндеттерді атқаруға біздің кинологтар да атсалысады. Кез келген қысылтаяң шақта біздің жігіттер қызмет атқаруға әзір. Біздің арамызда еліміздің жан-жағынан жиналған жігіттер бар. Олар өздеріне бекітілген иттермен күнделікті жаттығу жасап отырады. Қызметтеріне адал. Таң немесе түн, суық немесе ыстық дегенді білмейді. Өз істеріне өте жауапты мамандар жиналған. Бір-бірімізді қолдап, қызметімізді атқарып жүрген жайымыз бар.

– Біз қазір 6637 әскери бөлімінің кинология қалашығында бекерден-бекер отырған жоқпыз. Бұл қалашықты 2015 жылы осындағы әске-

ри қызметшілер өздері салған екен. Олардың арасында сіз де барсыз. Сізді мұнда не жетелеп әкелген еді?

– Мен ауылда өскен, жан-жануарға жақын бала болдым. Ауылдағы үйімізде иттеріміз болды. Сондықтан итке деген қызығушылығым бала күннен бар еді. Әскери ортаға келген кезімде «Ханч» есімді есірткі іздейтін итпен бірге қызмет атқардым. Уақыты келген соң сенімді серігім қызметтен алынды. Одан кейінгі итім шығыс еуропалық тұқымнан болды. Оны «Тайсон» деп атадым. Ол өзі ғажап, мықты ит еді. Онымен көшедегі қауіпсіздік қызметін қадағаладық. Патрульдік қызмет атқардық. Оның да мерзімі келгенде саптан шығарылды. Ал қазіргі «Ред» есімді итім із кесуге қабілетті. Менің ойымша, кинология қызметі қиын болса да, қызықты сала. Біздің мамандар қаланың қоғамдық тәртібін сақтау іс-шараларына да, арнайы түзеу мекемесін күзетуге де, айдауылдау қызметін іске асыруға да атсалысады.

– *Итпен жұмыс істеуге қызығатын жас мамандарға қандай кеңес бересіз?*

– Кинологияға қызығатын жігіттерге айтарым, алдымен итке деген жақындығы бар ма соны анықтау керек. Өйткені, бәрі де соған байланысты. Екіншіден, өзіне тағайындалған итпен тіл табыса білуі керек. Ит ұстауға бейім болса, күнделікті барып тамағын беріп отырса ит те сол адамға жақын болады.

– *Әңгімеңізге көп рахмет! Қызметіңізге табыс тілеймін!*

Әңгімелескен  
Жанболат КЕНЖЕҒҮЛ.  
Астана – Қызылжар – Астана



# ПОБЕДИЛИ СИЛЬНЕЙШИЕ

В Усть-Каменогорске во Дворце единоборств имени Кажымукана Мунайпашова прошли двухдневные соревнования на личное и командное первенство по Қазақ күресі на Кубок Главнокомандующего Национальной гвардии Республики Казахстан. Состязания были посвящены памяти 17 воинов Внутренних войск МВД РК, погибших на таджикско-афганской границе 7 апреля 1995 года.

## Миссия соревнований

Мероприятие было проведено с целью пропаганды борьбы қазақ күресі, физической культуры и спорта, профессионального мастерства спортсменов и повышения квалификации судей, а также популяризации здорового образа жизни среди военнослужащих.

Борьбу за призовые места вели около 50 спортсменов. Своих борцов выставили региональные командования «Оңтүстік», «Орталық», «Батыс», «Шығыс», Академии Национальной гвардии, воинские части 5573 и 6654. Два дня зрители наблюдали схватку сборных команд от вышеназванных воинских коллективов. В программе турнира также прошли личные соревнования с подведением командного зачета. Борцы выступили в шести весовых категориях - до 66, 74, 82, 90, 100 и свыше 100 кг.

## Открытие спортивного праздника

Сами соревнования начались с торжественного открытия чемпионата, которое состоялось на строевом плацу воинской части 5518 перед мемориальным памятником в честь 17 погибших военнослужащих. По традиции участники мероприятия почтили минутой молчания память погибших воинов.

Открыл праздник командую-



щим региональным командованием «Шығыс» генерал-майор Арман Жумагалиев, который напомнил собравшимся о храбрости воинов, проявивших верность своей клятве на чужбине. Генерал также подчеркнул необходимость прославления национальных видов спорта.

– Как говорится в Послании Президента – пропаганда здорового образа жизни и массового спорта, в том числе развития национальных видов спорта, является важнейшей задачей государства. Қазақ күресі – национальный вид спорта, укрепляющий тело и дух военнослужащего. Борьба поднимает настрой наших ребят, закаляет их выносливость и воспитывает волю к победе. Все это приносит огромную пользу нашим военнослужащим в выполнении возложенных на них задач. Поэтому поздравляю всех участников с открытием соревнований. Надеюсь, вы проявите такие важные качества, как сила, смелость и настойчивость, – отметил генерал-майор Арман Жумагалиев.

По словам начальника отдела фи-

зической подготовки и спорта Главного командования Национальной гвардии полковника Сатжана Абишева, в этом году в первенстве принимают участие 7 команд. В частности, на соревнования прибыли сборные команды региональных командований «Шығыс», «Оңтүстік», «Орталық», «Батыс», Академии Национальной гвардии, воинской части 6654 и команда в/ч 5573.

– Уровень этих соревнований остается таким же высоким, как и всегда. Ведь здесь принимают участие и наши военнослужащие-спортсмены, которые соревнуются на республиканском уровне. В этом году впервые в войсках правопорядка при поддержке Министра внутренних дел и его заместителя – Главнокомандующего Национальной гвардией генерал-лейтенанта Еркина Ботаканова проводится аналогичный чемпионат по развитию национального вида спорта. Сегодня наше первенство проходит в отборочной форме. Лучшие должны будут защищать честь Национальной гвардии в городе Щучинск на Кубке



Министра внутренних дел по казак күресі. Также 21-23 мая в городе Кызылорда пройдет Кубок Комитета национальной безопасности. Кроме того, ежегодно в июле в столице проходит конкурс «Қазақстан барысы», в котором наши спортсмены также принимают активное участие и выступают на достойном уровне, – отметил полковник Сатжан Абишев.

В числе гостей, пожелавших удачи участникам соревнований, была и подполковник Вооруженных Сил Казахстана, чемпионка летних Олимпийских игр в Лондоне Ольга Рыпакова.

– Хочу поздравить вас с открытием соревнований. Приветствую военнослужащих и гостей, в одном из крупнейших спортивных городов Казахстана – Усть-Каменогорске. Казак күресі демонстрирует силу

настоящих мужчин. Удачи участникам соревнований! Я знаю, что вы вложите всю свою волю в победу, и я думаю, что мы сможем насладиться зрелищными боями наших спортсменов. Только сильнейшие спортсмены, сумевшие выдержать конкуренцию, окажутся на пьедестале почета, – поздравила и напутствовала участников и гостей Ольга Сергеевна.

Также мастер спорта СССР по самбо Рымбек Рамазанов и двукратный чемпион мира по боевому самбо Ержан Омарбеков пожелали военнослужащим успехов и удачи. После выступления почетных гостей собравшиеся возложили цветы к мемориальному памятнику и почтили память погибших.

По окончании торжественного мероприятия участники соревнова-

ний посетили Дворец единоборств имени Кажымукана Мунайтпасова.

### Ход соревнований

В ходе двухдневных зрелищных и жарких схваток были определены чемпионы соревнований. Так, в личном зачете победителями турнира в весовых категориях стали: до 66 кг – военнослужащий воинской части 5573 рядовой Ержан Еренқайыпов, до 74 кг – военнослужащий воинской части 5573 ефрейтор Тілек Тоқтасынұлы, до 82 кг – военнослужащий воинской части 5573 рядовой Мәди Амангелді. В весовой категории до 90 кг не было равных военнослужащему воинской части 6655 РгК «Батыс» ефрейтору Азату Куанову, до 100 кг победил военнослужащий воинской части 5573 сержант Қализа Исламбеков, а в весовой категории свыше 100 кг победителем турнира стал военнослужащий воинской части 5573 ефрейтор Жандос Сейтенов.

По итогам выступления первое общекомандное место, а вместе с ним и Кубок Главнокомандующего Национальной гвардии завоевала команда воинской части 5573, на втором месте расположилась команда регионального командования «Батыс» и третье место заняла команда регионального командования «Оргалык». Кроме того, организаторы данного соревнования предусмотрели призы и грамоты для участников в индивидуальных номинациях: «За быструю и красивую победу» был награжден военнослужащий воинской части 6506 РгК «Оңтүстік»





рядовой Рахат Құрманбай, «За лучшую технику» награжден военнослужащий воинской 6656 РГК «Батыс» рядовой Бауыржан Нарбаев, «За волю к победе» – военнослужащий воинской части 5574 рядовой Айдос Серік.

### Финал состязаний

Как и положено, все победители и призеры были награждены Кубками, грамотами, медалями и ценными призами.

Награждали призеров турнира мастер спорта Советского Союза по самбо ветеран спорта Рымбек Рамазанов, четырехкратный чемпион мира по армрестлингу Мухамедолла Агзамов, вице-президент Восточно-Казахстанской области по казак күресі Даулет Советжанов, двукратный чемпион мира по боевому самбо Ержан Омарбаев, подполковник Вооруженных Сил Казахстана, чемпионка летних Олимпийских игр в Лондоне Ольга Рыпакова, руководитель Управления физической культуры и спорта Восточно-Казахстанской области Аскар Можанов, заместитель директора легкоатлетического центра имени Ольги Рыпаковой Лаура Казыкешова, Заслуженный мастер спорта РК по казакшакурес. Десятикратный чемпион «Қазақ күресі», четырехкратный чемпион Азии, трехкратный обладатель «Кубка мира», четырехкратный чемпион Мира, четырехкратный чемпион международного турнира «Евразия Барысы», трехкратный чемпион международного турнира «Әлем Барысы», двукратный чемпион турнира «Қазақстан Барысы». двукратный чемпион мира по казак күресі Айбек Нугымаров, неоднократный по-

бедитель и призер международных соревнований, чемпионов Казахстана по дзюдо, самбо и казак күресі, двукратный чемпион мира по казак күресі, победитель турнира «Қазақстан барысы» 2014 года Мухит Турсынов.

Финальное мероприятие завершилось поздравлениями. Так, с поздравительными речами выступили командующий РГК «Шығыс» генерал-майор Арман Жумағалиев, руководитель Управления физической культуры и спорта Восточно-Казахстанской области Аскар Можанов, трехкратный чемпион международного турнира «Әлем Барысы», двукратный чемпион турнира «Қазақстан Барысы» Айбек Нугымаров. Почетные гости поздравили всех участников с окончанием турнира, поблагодарив их за хороший уровень физической подготовки, а также пожелали дальнейших спортивных успехов и совершенствования своих навыков.

– Казак күресі является одним из самых древних видов спорта и неразрывно связан с историей жизни казахского народа. Сегодня это единоборство также пользуется большой популярностью среди военнослужащих войск правопорядка. В данном турнире все спортсмены показали силу воли, решительность и бойцовский характер. Поэтому я хотел бы от имени Заместителя Министра внутренних дел – Главнокомандующего Национальной гвардией Республики Казахстан генерал-лейтенанта Ботаканова Еркина Советбековича и от себя лично еще раз поздравить всех победителей с их заслуженными победами, достигнутыми благодаря их духу и физической силе, – подчеркнул генерал-майор

Арман Жумағалиев.

– Ваши усилия и преданность национальному спорту вдохновляют нас всех. Вы продемонстрировали высокий уровень подготовки и спортивного мастерства, что является прекрасным примером для всех спортсменом. Благодарим за ваши усилия и стремление к достижению высоких результатов, кроме того, ежегодно в июле в столице проходит конкурс «Қазақстан барысы», в котором наши спортсмены также принимают активное участие и выступают на достойном уровне, – отметил начальник отдела физической подготовки и спорта Главного командования Национальной гвардии полковник Сатжан Абишев.

Присутствовавшие журналисты успели взять ряд интервью у участников соревнований. Вот что рассказал старший солдат взвода радиационной, химической и биологической защиты Мәди Амангелді, который защищал честь столичной бригады.

– Борьбой занимаюсь с детства. Ради этого турнира я усиленно тренировался в городе Астана. Республиканский турнир прошел очень хорошо. Соперники были достойными. С моим финальным соперником я раньше на ковре не встречался, но он боролся достойно. Я сумел победить, совершив бросок с прогиба, – поделился борец.

Стоит напомнить, что участники, занявшие первые места представляли Национальную гвардию на чемпионате МВД Республики Казахстан по борьбе казак күресі, который состоится в текущем году в городе Щучинск.

**Полковник  
Ерболат СУЛТАНОВ,  
Усть-Каменогорск**



# ҚАЙРАТ ӘДІЛГЕРЕЙ: «ҰЛТТЫҚ ҰЛАН – РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ!»

Отандық кино-индустрияның жарық жұлдызы, Мәдениет саласының үздігі Қайрат Әділгерей көпшілікке етене таныс. Ол комедиялық туындылардағы актерлік шеберлігімен патша көңілді көрерменнің көзайымына айналған жан. Көгілдір экранның төрін бермей жүрген кино актері «Бүркіт» журналына арнайы сұхбат берді.

– *Журналистерге берген бір сұхбатыңызда кітаптың және газет-журналдың иісін ұнататын деген екенсіз. Ал сондағы рухани азыққа қаншалық жиі бас қоясыз? Әңгімені осыдан бастасақ...*

– Бұл менің бала кезімнен бірге келе жатқан әдетім. Тіпті «ауруым» десе де болады. Типографияның, бояудың иісіне құмармын. Оқушы кезімнен кітапты жақсы көремін. Оқымасам да кітап атаулыны жинап жүретін едім. Есейе келе кітап оқитын болдым. Кейінгі кезде оқып жүрген кітаптарым негізінен руханият тақырыбын қамтиды. Сізбен сұхбаттасқанға дейін «Бейсен және болмыс», «Өзбекәлі Жәнібек және мәдени майдан» кітаптарын оқыдым. Әлдебір дүниеге қол жеткізу жолдары деген секілді тренингке арналған кітаптарға қарағанда мені руханиятқа толы туындылар көбірек қызықтырады.

– *Сізді белгілі актер, мықты дубляж жасаушы ретінде жақсы білеміз. Театрға да бүйрегіңіз бұрып тұратын болар. Дегенмен сіз өзіңізді өнердің нақты қай түріне көбірек лайықпын деп санайсыз?*

– Мен актерлік шеберлік және кино актері мамандығы бойынша білім алып шыққан маманмын. Дегенмен қай салаға барсам да, өзімді сол саладан көре аламын. Бірақ бүгінде

дубляж саласында жүрмін. Сондықтан маған ең жақын, ең ыстығы – дубляж. Дубляж – мен үшін қарашаңырақ. Бұлай деуімнің де өзіндік себебі бар. Өйткені, мені театрға жұмысқа алмаған кезде, киноларға қабылдамай жатқан сәтте маған дубляж саласында сенім артылды. Бұл сала мені құшақ жая қарсы алды. Сондықтан да дубляж жұмысын жақсы көремін. Сол себепті де әспеттеймін. Тіпті жаһандық пандемия уақытында, елімізде болған карантин кезінде де дубляжда жұмыс істеп жүрдім. «Түнгі студия» бағдарламасында қызмет етіп жүрген кезде де дубляжды тастаған емеспін. Бұл жолға 2005 жылы қадам басқан едім. Әлі күнге табан аудармай осы салада еңбек етіп келе жатырмын. Жуықтап алғанда 20 жыл бойы осы бағытта тұрақты қызмет етіп келемі.

– *Өнерге сізді жетелеген не немесе кім?*

– Өнерге мені ешкім жетелеген жоқ. Бала күнімде мектеп қабырғасындағы «Күзгі бал», «КТК» секілді мәдени іс-шараларға белсенді қатысып жүретін едім. Содан 1996 жылы Атырауда Сара Алпысқызы құрған «Бөбек» қорының демеуімен кіші өнер академиясы ашылды. Сонда актерлік шеберлік бойынша тәлім алып шықтым. Сол жерде маған Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына



оқуға түсуге ұсыныс жасады. Осылайша, Алматы қаласына оқу түстім. Бүгінге дейін сол жерде алған білімнің жемісін көріп жүрмін. Соның арқасында нан тауып жүрміз десек те болады.

– *Кейінгі кезде саяси, қоғамдық тақырыптарды қамтыған, ащы шындықты арқау еткен фильмдерге жиі түсіп жүрсіз. Сіздің образдарыңыз шынайы көзқарасыңызбен қаншалықты астасып жатады?*

– Кез келген адамның азаматтық позициясы болатыны секілді әрбір актердің де өзіндік көзқарасы болады. Сондықтан саяси тақырыптағы фильмдерге түсетін болсам, міндетті түрде өз пікірімді байқатуға тырысамын. Менің көкейімдегі ой сценарийде жазылған идеямен үндесе кедергісіз ойнап бере аламын. Ал сценарийде болмаса, өзім келісіммен қостырамын. Мұндай тақырыптарда өз рөлімді қаймықпастан сомдаймын. Өмірде айта алмасаң да, ки-

нода көп нәрсені жеткізуге болады. Сондықтан өмірде айта алмай жүргеніңді кино арқылы барынша жеткізуге тырысасың. Киноның шынайы болып көрінетіні содан болар.

– *Ұстазыңыз Иісбек Әбілмәжінов сіз жайлы «Театрда ойнайтын-ақ әртіс еді» деп баға берген екен. Сіз кімдерден тәлім алдыңыз? Ұстаздарыңыз өнердегі қазіргі аяқалысыңызды қалай бағалайды?*

– Менің өмірде де өнерде де ұстаздарым көп. Сонау Атыраудан бастайтын болсақ, мені актерлік шеберлікке алғаш баулыған Төлеген Жангелдинов еді. Содан кейін Қазақ ұлттық өнер академиясына келгенде Иісбек Әбілмәжінов, Оразхан Кенебаев, эстрадаға келген уақытта Сәбит Әбдіхалықов, дубляжға келген шақта Токтарбек Қамшыбай, ал театрға, соның ішінде «Әзіл әлеміне» келген тұста Тұрсынбек Қабатов ұстазым болды. Міне, осы кісілер менің өміріме ықпал етті. Азамат



болып қалыптасуыма, ел арасында агымның шығуына үлес қосқан ұстаздарыма мәңгі басымды иіп өтемін. Оларды құрметтеймін. Аллаға шүкір, олардың бәрі де ортамызда бар. Әлі күнге дейін араласып, кеңесіп отырамын. Алдарынан өтіп, батасын сұрап жүремін.

– **Театрға қызметке шақырса барар ма едіңіз?**

– Міндетті түрде барамын. Өйткені, театр құрамында болмаған соң, өзімді жарымжан актермын деп есептеймін. Тетарда ойнау, театрда жұмыс істеу менің үлкен арманым. Өкінішке қарай, қазір басқа саладамын. Айналысып жатқан жұмыстарым бастан асады. Соған қарамастан, шақырту алып жатсам бірден келісер едім.

– **Сахнадағы, экрандағы Қайрат Әділгерей көңілді, әзілқой, позитивті адам. Шынайы өмірде ше?**

– Өмірде де позитивті адаммын. Біреумен конфликтіге барудан аулақпын. Біреу-міреу намысына тиіп, қатты әңгіме айтпаса ешкіммен шаптағы жоқ адамның бірімін. Ұрыскеріс дегенді суқаным сүймейді. Менің өмірде ұстанатын қағидам – «ортаға өнеріңмен емес, мінезіңмен сыясын». Бұл данышпан Абай Құнанбайұлынан қалған сөз. Сондықтан

өзімді көп адамның ыңғайына жығатын мінезім барын жасырмаймын. Осы кісіге ыңғайлы болса, осы кісі артық әңгіме айтпаса екен деп тұратын қасиетім бар.

– **Шығармашылығыңызда қандай жаңалықтар бар? Қазір қандай картиналарға түсіп жүрсіз?**

– Былтыр қыста Шри-Ланка елінде «Солай болып қалды» деген комедияға түсіп келдім. Ол жерде елімізге белгілі актерлер мен актрисалар болды. Жаңа фильмде Қобыланды Болат, Ерболат Әлқожа, Мәдина Оспан, Жазира Еркін, Айшолпан Байтүгел, Дана Верещак секілді актерлер бой көрсетеді. Бұл кино, бұйырса, биылғы жылдың наурыз айында жарық көреді. «Хотябы кинода 3» фильмінің де түсірілімі ақпан айының соңында басталады. Кино Қытай елінде түсірілді. Ал фильм мамыр айында жарық көреді деп жоспарланып отыр.

– **Әскерилерге арналған әзіл-қалжыңдарыңыз бар ма?**

– Жоқ! Бұл тақырыпқа аса мән бермеген екенмін. Ал бірақ қажет болса әскери тақырыпты қамтитын әзіл дайындауға болады. Шығармашылық адамы болған соң үнемі айналаны зерделеп, адамдарды бақылап жүреміз. Сондықтан әскерилер жай-

лы әзіл ойлап табу да аса қиын шаруа емес.

– **Қазақ әскерінің бүгінгі әлеуеті жайлы, соның ішінде Ұлттық ұлан жауынгерлері туралы көзқарасыңызды білгіміз келеді.**

– Қарапайым халық көп жерде әскерилер туралы артық сөздер айттып жатады. Ал шын мәнісінде біз барымызды бағаламаймыз. Еліміздің тыныштығы, бақ-берекесі қайдан келіп жатқанына мән бере бермейміз. Сондықтан әскерилердің халық үшін, мемлекет үшін жасап жатқан еңбегі ерен. Тәуелсіздік тұғырының бекем болуы да осы әскерилердің арқасы. Әскери саланың ішкі жағдайын біздер біле бермейміз. Әйтпесе, ел үшін өмірін қиып, жанын пида етіп жатқан әскерилердің қызметі оңай деп кім айта алады?! Сондықтан Ұлттық ұланның жауынгерлік-қызметін жоғары бағалаймын. Құқықтық тәртіп әскері мемлекеттік деңгейдегі әскери ортаның шыңы саналады. Ұлттық ұлан – республикамыздың мақтанышы!

Сұхбаттасқан  
қатардағы  
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ



# ҰЛТТЫҚ ҰЛАНДА ЖАҢА ӘСКЕРИ ӘННІҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Адам баласының шығармашылығына тұсау бар ма? Әскери қызметте жүргенде жанындағы әріптесіңнің негізгі міндетінен басқа қандай өнері барын біле бермейсің. Өйткені күнделікті қызметте қаруласың ішіндегі жан сырын ақтара бермейді.

Жанымызда жүрген жақсы адам, тума талант өнер иесін жуырда білдік. Ұлттық ұланның ақпараттық-баспа бөлімінің әскери қызметшісі кіші сержант Батырлан Алпысбаев өзінің бос уақытында ән шығарумен айналысады екен. Оның «Сүйем сені», «Жұмағым», «Ақ шағала» атты мөлдір махаббатқа негізделген лирикалық әндері «Әгугэй» және «Той думан» сайттарында жарық көрген. Батырлан өзінің кезекті туындысын құқықтық тәртіп әскеріне арнапты.

Осыған орай ұйымдастырылған «Ұлттық ұланға жаңа ән, қабылданса – жаңа ұран» атты шығармашылық кеште кіші сержант Батырлан Алпысбаевтың «Ұлттық ұлан» атты жаңа туындысының тұсауы кесілді. Оған Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары генерал-майор Қайрат Үмбетов бастаған әлеуметтік-құқықтық жұмыстар басқармасы мен ақпараттық-баспа бөлімінің офицерлері мен әскери

қызметшілері қатысты. Тұсаукесерге арнайы келген Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Арайлым Рахымқызы да өз пікірін білдіріп, кештің шымылдығын ашты.

Кеш барысында алдымен автордың бұрынғы жазған әндері шырқалып, көрерменді бір желпіндіріп тастады. Бір қызығы Батырлан туындыларының әнін де мәтінін де өзі жазады екен. Бұл оның ақындығымен қоса сазгерлік өнерінің де бар екендігін көрсетеді. Ал, жаңа әнге келетін болсақ бұл әннің мәтінін Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановпен бірлесіп жазған.

Сахна төріне шығып, жаңа әннің орындар алдында сөз алған автор әннің шығу тарихына тоқталып өтті.

– Сіздердің алдарыңызда ішкі жан толқынысыммен бөлісіп, Ұлттық ұлан атты әнді ұсыну – мен үшін үлкен мәртебе. Оның мәтіні мен музыкасын 2023 жылы жазып, шағын іс-шараларда айтып жүрдім, бірақ сөзіне аса қатты көңілім тол-



май, ары қарай дамыту мақсатында іздендім. Сол жылы ақпараттық-баспа бөлімінің әскери қызметшісі лауазымына тағайындалып, осы әнді толықтыруға жолым ашылды. Осылайша әннің мәтінін Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановпен бірлесіп қайта жазып, биылғы жылды жақсы жаңалықпен басталдық, деп бастады автор.

– «Ұлттық ұлан» әнінде жалпы Әскери жарғылардан бастап, ұлттық құндылықтар, еліміздің, жеріміздің байлығын аса мақтанышпен айтуға тырыстық. Сапта ант қабылдап тұрған жас сарбазбен, Отан алдында жауынгерлік жауапкершілікпен қы-





рағы қызмет атқарып жүрген сарбаздар мен тәуелсіздік жолында өмірін сарп еткен батырларымызды синонимдік бір жолға сыйдыруды, ұтымды пайдалана алдық деп есептеймін.

Әннің ерекшелігін айта кетсем, оның шумағы мен қайырмасы арасында бридж қосып, құнды етуге тырыстым. Бұл саптық адыммен айтылатын ән емес. Қолды жүрекке қойып, тік тұрып, еліміздің ән ұранын айтқандай, «Ұлттық ұлан, Ұлттық ұлан» деп ұрандаған бір топ орындаушыны елестете отыра, мақсаты бөлек, жолы басқа, шаттыққа толы Ұлттық ұлан сапында қызметін мақтаныш еткен әрбір жауынгердің рухын көтеруге көзделген. Ал, енді әнді ерекше ықыласпен тыңдауға тілектеспін. Сөзімнің соңын осы әннің екі жолы: Ерің барда егеменсің, Елім барда егеменмін!, - деген Ел мен ерді байланыстырған шумағымен аяқтағым келеді, - деді кіші сержант Батырлан Алпысбаев.

Ол, сонымен қатар тұсаукесер шарасына қолдау көрсеткен Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов пен Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасары генерал-майор Қайрат Үмбетовке және «Қалқан» газеті мен «Бүркіт» журналының бас редакторы полковник Ерболат Сұлтанов пен идея авторы Ұлттық ұлан ардагері запастағы полковник Қуаныш Қожахметовке ерекше алғысын білдірді.

Ән орындалған соң пікір-сөз айту үшін алғашқы болып сөз алған генерал-майор Қайрат Үмбетов туындыға оң бағасын берді. Қайрат Жарылқасынұлы өз күшімен ән жазып, екінші бірінші қолынан келе бермейтін клип шығарған авторға алғысын білдірді. Бірақ әлі де болса оны жетілдіріп, көркемдеу керектігін және әскерге жауынгердің рухын жанитын осындай лирикалық әндермен қатар, саптық туындылардың жетіспейтіндігін тілге тиек етті.

Келесі кезекте сөз алған Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Эстрада вокал» бөлімінің көркемдік жетекшісі Арайлым Рахымқызы дәстүрлі әнші ретінде бірқатар ұсыныстарын айтты. Өнер қайраткері бұл туындының мәгіні өте ұранды болып жазылғанын, бірақ музыкасын жетілдіруге оны кәсіби музыканттармен бірлесіп, тағы да пысықтау керектігіне тоқталды. Жалпы әннің өзіне ұнағанын және автор қаласа оған шығармашылық және

## Ұландар вальсі

Сөзін жазған: Ботақанов Еркін Советбекұлы.  
Алпысбаев Батырлан Алпыспайұлы.  
Әнін жазған: Алпысбаев Батырлан Алпыспайұлы.

2. Ақ найзалы бабаларым,  
Дуалы ауыз даналарым.  
Үкілеген үмітінді,  
Ақтап өтер балаларын.  
Қазақстан менің елім,  
Елді қорғау қызметім.  
Ерің барда егеменсің  
Елім барда егеменмін.

кәсіби қолдау көрсетуге дайын екендігін баса айтты. Арайлым ханым өзі де құралақан келмеген екен. Кеш қонақтарының құрметіне өзінің бір-екі әнін шырқап берді.

Батырлан Торғай өңірі, Амангелді ауданының тумасы. Мектеп қабырғасында жүріп, талай жыр мүшәйраларына қатысқан.

Біздің отбасымыздың тұрған үйінде бұрын халық әншісі Әнуар Боранбаев тұрған, сондықтан мені бала кезімнен әншінің баласы деп атап кетті. Өзім жастайымнан айтыскер ақын Айбек Қалиевке еліктеп, оның шәкірті Тоба Өтепбаев деген ақынмен мектепте бірге оқыдым, жасымыздан қолымызға қалам алып, өлең жазуға құштар болдық. Одан музыкалық мектепте білім алып, сазгерлігімді дамыттым, дейді туынды авторы.

Жасынан Абай, Мағжан оқуларына қатысып, айтыстарда бағын сынаған Батырлан мектепте оқып жүріп, Ыбырай Алтынсариннің құрметіне ұйымдастырылған айтыста бірінші орынды, тағы бір діни мерекеде екінші орынды жеңіп алған.

Ауданаралық айтыстарда да өнер көрсетіп, жүлделі орыннан көріне білген.

– Өзім лирикалық өлеңдерге жақын болдым, музыка жазсам деп армандадым. Қалел Берсарин деген композитордың шығармаларын сүйіп өстім. 2014 жылы Алматы қаласындағы Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышымды атқардым. Сарбаз болып жүргенде Ұлттық ұлан жайлы өлең жазу мақсатым болды. Отан алдындағы міндетімді абыроймен орындап келген соң, бұл мақсатым ұмытыла бастады деуге болады. 2021 жылы Ұлттық ұлан сапына қайта оралдым. Міне, енді сол арманыма жеттім деп мақтанышпен айта аламын.

Жалпы айтқанда, ән жазып, әскер туралы алғашқы туындысын ән сүйер қауымға ұсынған кіші сержант Батырлан Алпысбаевты осы игі қадамымен шын жүректен құттықтаймыз. Өнерің өрге баса берсін, Батырлан!

**Запастағы полковник  
Қуаныш ҚОЖАХМЕТОВ**



Сіздің Ұлттық ұлан жайлы журналыңыз